

Кімге: Жетісу облысының мансап орталығына

Автордың аты-жөні және лауазымы: Мусаева Гулбану Сапарғалиевна, «Атамекен ауылдық округі аппараты» мемлекеттік мекемесінің жетекші маманы

Күні: 16.10.2024 ж.

АНАЛИТИКАЛЫҚ ЖАЗБА

Тақырыбы: Жетісу облысы бойынша жастар арасындағы жұмыссыздық мәселесі.

Кілт сөздер: жұмыссыздық, еңбек, адам, жұмыс орны.

Кіріспе Жетісу облысындағы жұмыссыздық деңгейі соңғы жылдары тұрақты түрде төмендеуде. Бұл жағдай мемлекеттік қолдау бағдарламаларының, еңбек нарығына деген сұраныстың артуының және жұмыс орындарын көбейту шараларының нәтижесінде орын алды. 2024 жылы өңірлік жұмыспен қамту картасы жүзеге асырылып, жұмыссыздық деңгейін азайтуға айтарлықтай ықпал етті. **Жұмыссыздық** – елдегі еңбекке қабілетті тұрғындардың бір бөлігі өзіне пайдалы еңбекпен айналысатын кәсіп таба алмай дағдаратын әлеуметтік-экономикалық құбылыс. Экономикалық әдебиеттерде кез келген қоғамдағы жұмыссыздық құбылыстары сипатына байланысты:

Құрылымдық жұмыссыздық – елдегі тұтыну тауарларына сұранымның құрылымында және өндіріс технологиясында болатын өзгерістер салдарынан пайда болатын құбылыс. Бұл жағдайда қызметкер не өзінің кәсібіне (мамандығына) сұранымның жоқтығы салдарынан, не жұмыс алу үшін жеткілікті біліктілігінің жоқтығы салдарынан жұмыссыз қалады.[1]

Циклдік жұмыссыздық – кез келген қоғам үшін экономикалық және әлеуметтік дағдарыс болып саналады. Экономикалық дағдарыс (экономикалық дамудың құлдырауы, тоқырау) елдегі еңбекке қабілетті тұрғындардың елеулі бөлігінің бостан босқа уақыт өткізуіне әкеліп соғады, ал мұндай жағдай олардың біліктілігінің жоғалуына, адамгершілік қадір-қасиеттің азғындауына, әлеуметтік және саяси жанжалдарға апарып соқтырады. Жұмыссыздық – барлық қоғамда болып тұратын құбылыс. Нарықтық экономикасы дамыған елдерде, мысалы, АҚШ-та, еңбекке қабілетті тұрғындардың жұмыспен толық қамтылуы жұмыссыздық мүлдем жоқ дегенді білдірмейді. Өйткені **“фрикциялық”** жұмыссыздарға бос жұмыс орнын табу үшін әрқашан уақыт керек, **“құрылымдық”** жұмыссыздарға да біліктілігін жетілдіру, жаңа мамандық алу үшін немесе жұмыс табу мақсатымен басқа жерге көшу үшін уақыт керек. Егер жұмыс іздеушілердің саны бос жұмыс орнынан асып түссе, онда жұмыс күші рыногінің тең болмағаны. Екінші жағынан, жиынтық сұраным молайған жағдайда жұмыс күшінің **“жетіспеушілігі”** сезіледі, яғни бос жұмыс орындарының саны жұмысқа

мұқтаждардың санынан асып түседі. Қазақстанда нарықтық экономикаға өту кезеңінде бұрынғы тиімсіз кәсіпорындар мен ауыл шаруашылық мекемелерінің жұмысын уақытша тоқтатып, жабылуына, банкротқа ұшырауына, жекешелендіріліп, қайта құрылуына байланысты құрылымдық жұмыссыздық құбылысы байқалды. 2024 жылы елдегі жұмыссыздар саны 2022 жылғы деңгеймен салыстырғанда біршама (0,2%-ке) төмендеді. Елдегі түбегейлі әлеуметтік-экономикалық реформалар барысында жаңа жұмыс орындары ашылуына, ішкі, сыртқы инвестициялар көмегімен, бірқатар өндіріс ошақтары мен ауыл шаруашылығының жандануына орай, ауылды қайта өркендетудің 3 жылдық бағдарламасына байланысты жұмыссыздық деңгейі де біртіндеп табиғи деңгейге түсе бастады.

Жұмыс күші дегеніміз ел халқының жұмыс істеп жүрген, жұмыс іздеп жүрген, бірақ таба алмай жүрген еңбекке жарамды жастағы бөлігінің жалпы мөлшері. Жұмыссыздық деңгейін анықтау үшін жұмыссыздардың жұмыс күші мөлшеріне пайыздық қатынасын есептеп шығару керек.

Жұмыссыздықпен күрес жолдары

- тапсырма биржалары мен жұмыспен қамту қызметтерінің басқа да түрлерін құру
- жаңа жұмыс орындарын ашу
- оқыту және жұмыссыздарды оқыту үшін мүмкіндіктер жасау
- қылмысқа қарсы күрес
- мінез-құлық тұрақтандыру саясаты
- мемлекет үшін қосымша жұмыс орындарын құру
- медиктер, журналистер, экономистер, дизайнерлер, құрылысшылар және басқа сарапшылар кейбір профильдер, табу үшін арнайы орындарын құру.[3]

Жұмыссыздықтың салдары қандай болады және ол қоғамға несімен қауіпті:

- Адам еңбегі дегеніміз капитал сияқты жинап қоюға, қордалауға келмейтін айрықша ресурс. Жоғалған жұмыс уақытын орынына келтіру мүмкін емес, сондықтан жұмыссыздық салдарынан шығарылмаған және көрсетілмеген тауар мен қызметтің орыны өтелмейді.
- Егер адам жұмысынан айырылса, сөйтіп жалақысыз қалса ол қалайда күнкөріс көзін іздейді. Бұл жағдайда мемлекет жұмыссызға жағдай жасауды өз мойнына алады. Алайда жұмыссыздығы үшін берілетін жәрдемақы тауар шығарғаны, қызмет көрсеткені үшін берілген сыйақы бола алмайды, себебі жұмыссыз адам ешнәрсе шығармайды, демек елдің әл-ауқаты да жоғарыламайды.
- Жұмыссыздар санының көбеюі тауар мен қызметке сұранымды азайтады. Халықтың табысының азаюы сұраныстың азаюының бір себебі екендігін ілгеріде көрдік. Тауарға сұраныстың азаюы өз кезегінде өндірістің кемуіне және жұмыссыздықтың одан әрі өршуіне жол ашады,

себебі өндірістің кемуі жұмыс орындарының қысқарып, жалақының кемуіне әкелетін жолдың басы. Сөйтіп қоғам өзі құрған тұзаққа өзі түседі.

- Елде жұмыссыздықты саяси жағдайдың шиленісуі өршітіп жібере алады, себебі әбден ашынған халық жұмыстың, ақшаның жоқтығы діңкелеткен адамдар үкімет өзгерсе жағдайымыз жақсара ма деген үмітпен қандай да бір ереуілге, шеруге, төңкеріске қатысуға даяр тұрады.

- Жұмыссыздық қылмыс, әсіресе жастар арасында қылмыс тамырланатын ұя, себебі күнкөріс көзін таба алмаған кісі оның басқа жолдарын, көбінесе қылмыспен пайда табу жолдарын іздестіруге көшеді.

Жұмыссыздықтың түрлері:

Уақытша жұмыссыздық. Бұл жұмыссыздық уақытша болдады, ол адамдардың жұмыс орнын ауыстыра бергісі келгеннен туады. Алайда бір жұмыс орнынан екіншісіне көшу белгілі бір уақытты керек етеді, әсіресе жаңа жұмыс орны елдің басқа бір аймағында болса. Осы аралықта адамдар жұмыс істемейтін уақыт уақытша (фрикциялық) жұмыссыздыққа жатады.

Құрылымдық жұмыссыздық. Жұмыссыздықтың бұл түрінің пайда болуына техникалық прогресс себепші, өйткені бұл процестің нәтижесінде кейбір мамандықтар өшіп, олардың орнына жаңа мамандықтар дүниеге келеді. Әсіресе біздің елімізде соңғы он жылда құрылымдық жұмыссыздық айқын қылаң берді. Әміршіл экономиканың нарықтық экономикаға көшу барысы бір мамандыққа сұранымның азайып, екінші мамандыққа өсуімен қатар жүрді. Мұндай жағдайда жұмыссыз қалған адамдардың жаңа жағдайға бейімделе білуі, еңбек нарығында сол сәтте сұранымға ие жаңа мамандық алуға құлшыныс таныта білуі маңызды.

Маусымдық жұмыссыздық. Маусымдық жұмыссыздық қызметі белгілі бір маусым кезінде жүретін жекелеген салаларға тән. Бұл әсіресе қысы мен жазы климат жағдайы бойынша күрт өзгеше болып келетін елдерге қатысты.

Циклдік жұмыссыздық. Жұмыссыздықтың бұл түрі елдегі экономикалық құлдырау кезінде бой көрсетеді. Құлдырауға барлық дерлік тауар және қызмет көрсетулерге сатып алушылар сұранысының төмендеуі, өндірістің қысқаруы, демек жұмыс орындарының қысқарып, жұмыссыздар санының көбеюі тән болып келеді .[2]

Негізгі бөлім. Қазақстан Республикасының "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының 5-бабының 1-тармағының 2-тармақшасына және 2-тармағына, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабының 1-тармағының 13, 14-тармақшаларына сәйкес, жұмыссыздықтан әлеуметтік қорғау жөніндегі шараларды кеңейту мақсатында аудан әкімдігі:

1. Қосымшаға сәйкес "Жастар практикасын" ұйымдастыру және өткізу үшін ауданда жұмыссыздықтан әлеуметтік қорғау жөнінде қосымша шаралар белгіленсін.

2. Бұл қосымша шаралар бастапқы, орта және жоғары кәсіби оқу орындарын бітіруші жұмыссыз азаматтарды жұмысқа орналастыру мүмкіндіктерін кеңейту және олардың практикалық тәжірибе, білім, әдет, дағдыларын алу мақсатында әзірленгені анықталып, 2010 жылы көрсетілетін болады.

3. Осы қаулының орындауын бақылау аудан әкімінің орынбасары Раев Амантай Әбдіқадырұлына жүктелсін.

4. Осы қаулы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі деп қаулы етті.[6]

Жастар практикасын ұйымдастыру

Уәкілетті орган жастарды жұмыспен қамту бойынша аудандағы, қалалық, ауылдық округтердегі еңбек рыногындағы қалыптасқан жағдайға талдау жасау негізінде Жастар практикасын өткізуді ұйымдастырады.

Жастар практикасын ұйымдастырғанда келесі негізгі өлшемдер ескеріледі:

1) жұмыссыз жастардың саны және оның Уәкілетті органда жұмыссыз ретінде тіркелгендердің жалпы санының үлесі;

2) жастар арасындағы ұзақ уақыт бойы жұмыс істемейтіндер санының өсуі;

3) жұмыссыз жастардың еңбек өтілінің, алған мамандығы бойынша еш дағдысының болмауы салдарынан жұмысқа орналасу мүмкіндігінің аз болуы.

Уәкілетті орган қаржылық-экономикалық жағынан тұрақты, болашақта даму, өндірісін кеңейтудің болашақ жоспары және Жастар практикасының қатысушыларын қабылдау мүмкіндіктері бар кәсіпорындар туралы ақпарат жинау жұмыстарын жүргізді. Ұйымдар туралы жинақталған ақпараттарды қорытындылау және талдау негізінде Уәкілетті орган Жастар практикасына қатысу үшін жұмыссыз жастарға іріктеу жүргізеді. Үміткерлерді іріктеу кезінде келесі өлшемдер ескеріледі:

1) үміткерлер жұмыссыз ретінде Уәкілетті органға тіркеуге тұруы керек;

2) үміткерлердің кәсіптік білімі болуы керек;

3) уәкілетті органның мәліметі бойынша Жастар практикасын ұйымдастыру кезінде оларға лайықты жұмыстың болмауы.

Жұмыссыздардың жастар практикасына қатысуына Жастар практикасы басталған сәттен бастап 12 айлық кезеңде бір рет рұқсат беріледі және жұмыссыз ретінде тіркелген күніне сәйкес кезектілік тәртібімен жүзеге асырылады.

Жұмыссыздарды жастар практикасына алуға келісім берген жұмыс беруші жұмыссыз жастарды қабылдайды және Жастар практикасына

қатысушылардың мамандығына (кәсібіне) сәйкес кәсіби білім, білік дағдыларын үйретуді қамтамасыз етеді. Жұмыссыздармен алты айдан аспайтын мерзімге еңбек шартын бекітеді және еңбек шартына еңбек ақы төлеу бюджет қаржысы есебінен жүзеге асырылатындығы туралы норма енгізеді. Еңбек шарты Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексіне сәйкес жасалады, онда жастар практикасына қатысушы мен жұмыс берушінің негізгі құқықтары мен міндеттері көрсетілуі керек.

Жұмыссыздарды Жастар практикасына алу туралы шешімді Жұмыс беруші қабылдайды. Жұмыс беруші жолдаманың жырtpпалы талонын толтырып, Уәкілетті органның мекен-жайына жібереді.

Жұмыссыздарды Жастар практикасы қабылдаған күннен бастап үш күн ішінде, Жұмыс беруші Уәкілетті органға практикаға қабылдау туралы бұйрықтаң көшірмесін жібереді. Жастар практикасына қатысушыны қабылдаған Жұмыс беруші әр айдың 25-іне дейін Уәкілетті органға жұмыс уақытын есепке алу табелін ұсынады.

Жұмыс берушінің шешімі бойынша жұмыссыз азамат Жастар практикасының мерзімі аяқталмай тұрып тұрақты жұмысқа орналастырылуы мүмкін.

Жалпыұлттық социал демократиялық партияның Жетісу облыстық филиалы еліміздегі жұмыссыздық мәселесіне байланысты Жетісу облысы Сарқан ауданы жұмыссыз жүрген жастармен кездесу өткізді. Кездесу барысында «Мансап» орталығының маманы Дамира Серікқызы аудан бойынша атқарылып жатқан жұмыстар жөнінде ақпарат беріп, бос жұмыс орындары туралы айтып өтті. Көбінесе ұсынылып отырған бос жұмыс орындарына жастарды орналастыру үшін олардың мамандықтары сәйкес келмейтіні, жұмыс өтілімі жоқтығы кедергі болып жатады екен. Ал жастардың сөзінше, көпшілігі мемлекеттік бағдарламалар туралы білмейді.

Жастар арасындағы жұмыссыздық ел экономикасына әсер етуші өткір мәселе. Жұмыссыз адамның күнкөріске қаражаты жетпегендіктен, оның соңы әртүрлі физикалық және психологиялық залалдардың пайда болуына алып келеді. Жұмыссыздық қылмыс жасауға итермелеуі мүмкін. Сондықтан жұмыссыздық мәселесін шешу арқылы еліміздегі кедейшілікті азайып, халық тұрмысын түзей аламыз.

Сарапшылардың айтуынша, 2024 жылдың бірінші тоқсанының қорытындысы бойынша еліміздегі жұмыссыздар саны – 453,5 мың адам. Бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 0,1%-ға артық. Қалалардағы жұмыссыздар саны бір жылда 0,9%-ға, яғни 278,7 мың адамға дейін өсті. Ал ауылдық жерлерде керісінше, 1,2%-ға, 174,8 мың адамға дейін қысқарды.

Осылайша, биылғы 2024 жылдың бірінші тоқсанның қорытындысы бойынша жұмыссыздық деңгейі 4,8% деп белгіленді (бұрын 4,9% болған). Ауылдарда ол 4,9% (бұрын – 4,8%), ал қалаларда – 4,7% (бұрын – 5%) құрады.

Жаңа заманның жастары жұмысты жиі ауыстыратыны да белгілі. Олар тұрақсыз келеді ме, көбінесе бір жерде ұзақ уақыт жұмыс істей бермейді. Қазіргі уақытта жиі болмаса да, белгілі бір мерзімнен соң жұмыс орнын ауыстыруды ешкім теріс санамайды. Сонымен қатар, әсіресе, үлкен қалаларда бір жұмыспен, аз жалақымен күн көру де қиын. Біздің облыстағы жастар арасындағы жұмыссыздық деңгейінің көрсеткіші көңілге қонымды емес.

Атап өту керек, Қазақстан өңірлерінің жартысында ресми жұмыссыздық деңгейі орташа статистикалық көрсеткіштен едәуір жоғары, тек алтауында ол төмен. Ең жоғары көрсеткіштер Жетісу, Қызылорда, Маңғыстау және Түркістан облыстарында тіркелді – әрқайсысында 5%. Ал ең төменгісі Қарағанды және Ұлытау облыстарында байқалды – 4,2%. Қалалардағы ең жоғары жұмыссыздық Жетісу (5,3%), Абай және Жамбыл облыстарында (5,1%). Ал Ұлытау облысы тағы да қала тұрғындары арасында жұмыссыздардың ең төмен үлесімен ерекшеленді – 4%. Ауылдық жерлерде жұмыссыздықтың ең жоғары деңгейі Маңғыстау (5,5%), Ақмола және Шығыс Қазақстан (5,2% бойынша) облыстарында тіркелді.

Ауылдардағы ең аз жұмыссыздық Қарағанды облысында тіркелді 3,7%. Алматы мен Шымкентте жұмыссыздық деңгейі 4,9%, ал Астанада – 4,5%-ды құрады. [5]

Жоғары оқу орнын бітірген жастардың көп бөлігі жұмысқа орналасып кетуі қиын. Қолында жоғары білімін растайтын дипломы болғанымен, тәжірибенің жоқтығы оларға үлкен кедергі келтіруде. Сондай-ақ, түрлі кәсіпорындардың жұмыс орнының қысқаруына байланысты да жұмыссыз жастар саны көбеюде.

Іс-шара барысында мынадай мәселер анықталды:

- жұмыссыздардың көпшілігі мемлекеттік бағдарламалар туралы білмеуі;
- адамдардың мемлекеттің қолдауына сенбеушілігі;
- мемлекеттік бағдарламалар бойынша ұсынып отырған жұмысқа барғылары келмейді, себеп – жалақы мөлшерінің аздығы;
- жұмыс іздеп жүрген азаматтардың біліктілік деңгейінің талапқа сай болмауы және жұмыс өтілінің болмауы.

Қорытынды Іс-шара өткенсоң Сарқан ауданының «Мансап» орталығымен, жеке кәсіпкерлермен және шаруа қожалықтары басшыларымен келісімшарт жасау арқылы тігінші, дәнекерлеуші, аспаз, т.б. мамандық иелеріне іс-тәжірибеден өтуге және алдағы уақытта жұмыс беруді қамтамасыз етуді қарастыру үшін дөңгелек үстел өткізу бойынша қарар қабылданды.

Жетісу облысында жастар жұмыссыздық мәселесі біртіндеп шешіліп келеді. Еңбек нарығындағы сұраныс пен ұсыныс арасындағы теңгерімді сақтау, мемлекеттік қолдау бағдарламаларын тиімді жүзеге асыру арқылы жұмыссыздықты азайту шаралары жалғасуда. [4]

Ағымдағы жылдың басында ауданда емханалар мен фельшерлік акушерлік пунктердің (ФАП) бөлімшелердің салынуына байланысты ауданға жоғары білімді, білікті, жаңашыл жас басшылар қызметке бекітілсе. Осы жаңадан тағайындалып отырған басшыларға үлкен үміт арта отырып, кадрлық өзгерістердің нәтиже беретініне сеніміміз мол. Оларға қоятын талабым – ең бастысы, халықпен ашық жұмыс істей білу, ел-жұрттың мәселесіне уақытылы назар аудару және өз істеріне адал болу.

Ұсыныс. Сондықтан жас мамандардың кәсіби біліктілігін арттыру үшін жоғары және кәсіптік орта оқу орындарында теорияға қарағанда, тәжірибелер көбірек болса екен; жұмыссыздық мәселесін біртіндеп шешу үшін мемлекет тарапынан ашылатын өндірістік кәсіпорындар аудандарда да ашылса екен; жас кәсіпкерлерді, ғалым-дарды, өнер тапқыштарды қолдаса екен; еңбекақы мөлшері көбейсе екен деген ұсыныстар болды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. "Достижения молодых" Балама білім беру орталығының "Экономика негіздері" кітабы; Т. лыи ева.
2. Жолдасова, Г.А. Экономика негіздері: оқу құралы Астана: Фолиант, 2011.- 224б.
3. Әкімбеков С., Баймұхаметова А.С., Жанайдаров У.А. Экономикалық теория. Оқу құралы. – Астана: 2002. – 446 б.
4. Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексі
5. ~~р~~ :/ ~~ақ~~
6. ~~##~~